



Арқалық
қаласындағы
Облыстық №2
әмбебап
ғылыми
кітапхана

Кітапхана тынысы

Библиодайджест

Арқалық қаласы
2020 жыл



Кітапхана тынысы

Шығарылады
қаңтар 2020 ж.
Библиодайджест №1

КММ Арқалық қаласының Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Мазмұны

- + Библиогид
- + Атаулы күндер
- + Мерейтойлар
- + Жаңалықтар мен оқиғалар
- + Болашаққа жоспар

1 бөлім

- + Библиогид

«Мен биыл біріншімін»
«Мен биыл біріншімін»

Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты мақсат – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал, ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы ұстаз санаған. «Артық білім-кітапта, ерінбей оқып

көруге» деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап-тілсіз тәрбиеші.

Жылдағы дәстүр бойынша қаңтардың алғашқы күндерінде № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі алғашқы оқырманын қабылдады. Бұл мерекеге орай кітапхана іші безендіріліп, ертегілер әлеміне бүлдіршіндерді саяхатқа шақырды. Оқырмандар алуан түрлі кітаптармен және қиял-ғажайып ертегілер кейіпкерлерімен танысты.

2020 жылдың «Мен биыл біріншімін» деген атаққа Бастауыш гимназияның даярлық сынып оқушысы Жақан Нұрислам Ардақұлы ие болды. Нұрислам кітап оқып қана қоймай, мерекелік іс-шараларда ән айтып, көзге түсіп жүрген бала. Алдағы уақытта Нұрисламның өнері өрге жүзіп, кітап оқып білімі шындала берсін деп тілеймін.

«Кітапхана – білімнің күншуағы» десек, «Ізденсем, білсем» деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Кітап адам баласының ақыл – ойынан туған рухани байлықты сақтап қалатын, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал екенін ұмытпайық. Олай болса, біз кішкентай бүлдіршіндерімізді үнемі компьютер мен ұялы телефонда отырмай, оларды өз мөлшері мен уақытында ғана қолдануға үйретейік. Тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін жақсы білгіміз келсе «кітап оқиық» дегіміз келеді. Кітапты көбірек оқуға шақырдық.



Жыл кітабын бірге оқиық!

ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының, ҚР кітапханашылар Ассоциациясының бастамасымен 2007 жылдан бері «Бір ел-бір кітап» акциясы өткізіліп келеді.

Мақсаты: қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамды оқуға деген қызығушылықты арттыру. «Бір ел-бір кітап-2020» республикалық акциясы аясында жыл кітабы - Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы және Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты туындылары таңдалып алынды.

КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ



«Абай жолы» эпопеясы қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтерген үздік туынды. Бұл романның оқиғаларды тізбектеп сипаттауына да, эстетикалық талғамы мен көркемдік қуатына да жететін шығарма жоқтың қасы. Егер «Абай жолы» эпопеясының барлық кітаптары қазақ халқының жарты ғасырлық өмірін сипаттаса, оның әрбір кітабы Абайдың рухани – адамгершілік жетілуіне белгілі бір кезенің бейнелейді. Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы – бізді орта ғасыр дәуіріне жетелейді. Оқиғалар орта Азия мен Таяу Шығыс қалаларында өрбиді. Бұл жерде шығарманың басты кейіпкері, терең ақылы және кең білімі үшін екінші ұстаз атанған Әбу – Насыр әл – Фараби.



Осыған орай біздің облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасының оқу залы мен Арқалық қаласы «Сәби-Арқалық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің мүшелеріне, акция аясында ақпараттық сағаты өтті. Іс-шара барысында кітапханашы Рахметова М.А. оқырмандарға акция тарихы мен мақсатын түсіндіре отырып биылғы 2020 жылдың туындыларын оқуға шақырды. Іс-шара соңында оқырмандар Ұлы Абайдың өлеңдерін оқып әндерін шырқады. Байжумин Хамитжан аға жанды дауыста Абайдың «Көзімнің қарасы» және «Желсіз түнде жарық ай» әсем әндерімен көпшілікті тәнті етті. Баршаңызды осы кітаптарды оқуға шақырамыз!



«Файзолла Ақын Тағылымы» ақпан - маусым

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында 27 ақпан күні оқу залының қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ақын, дінбасы, қоғам қайраткері Файзолла Сатыбалдыұлына арналған «Файзолла ақын тағылымы» атты әдеби бұрышының ашылу рәсімі өтті.

Мақсаты: Файзолла Сатыбалдыұлының өмірі мен қайраткерлігін, ақындығын, ғибратты ғұмырын оқырмандарға таныстыру.



Рәсімге Файзоллатанушылар, ақынның өзін, көзін көрген ел ағалары және ұрпақтары Рамазан Зияуитенов және Сатыбалдин Асхат-немерелері, шөбересі Толқын Сатыбалдина, Қоғам қайраткер, сазгер, Арқалық қаласының құрметті азаматы - Кәки Ақан Шәріпұлы, Қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Жанна Әскерқызы, Арқалық қалалық «Мухтасиф Алмұхаммед молла» мешітінің имамы-Дархан Исламбекұлы, Еркін Қожахмет ата, Хамитбек Кәмәлиұлы және болыстық

«Қостанай таңы» газетінің тілшісі Мұрат Жүнісұлы, Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражай қызметкері Сағынтаев Батырлан және Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 8 сынып оқушысы Абдіғарова Дарина /ғылыми жоба қорғаушы/ жетекшісі Молдахметова Роза Карбозовна қатысты.

Кеште қонақтар ақын Файзолла Сатыбалдыұлының өміріне қатысты деректер мен тағылымды шығармашылығы туралы ой бөлісіп, ақынның өлеңдердері оқылды.

Сонымен бірге Кәки ата, Файзолла Сатыбалдыұлы туралы естіп, білгендерің, көргендерің айтып «Тоқымбет»

жырының мақамына келтіріп үзінді орындап берді. Арқалық мемлекеттік педогогикалық институтының түлегі балалар жазушысы, әдебиет сыншысы,



ҚР үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты-Елдос Тоқтарбай. Файзолла атамыз туралы өз пікірі бейнежазба арқылы тындалды. Файзолла атамыздың шығармаларын зерттеп жүрген жас айтыскер ақынымыз Дала өлке мұражай қызметкері Батырлан сөз кезегінде Мағжан Жұмабаевпен айдауда бірге болған торғайлық Файзолла ақынның өлеңдері табылғаны туралы айтып

өтті. Кеш соңын жас оқырманымыз Ерасыл Файзолла атасына арналған арнауын оқыды. Алаш тілекті, абзал жүректі Файзолла атамыздың шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихының жарқын беттерінің біріне айналарына сеніміз біздің де мол. Кеш соңы рәсімге қатысқан оқырман қауымның естелік суретке түсуімен аяқталды. Қатысқан адамдардың саңы 56.






Құрметті арулар, әйелдер қауымы!
Сіздерді 8 наурыз – көктемнің ең тамаша бір мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт пен қуаныш тілейміз! Осы орайда Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімі сіздерге мерекенің лебін сезіндірер «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбындағы кітап көрмесін ұсынады. Көрмеден «Қазақ тарихындағы әйелдер», «Даланың дана

арулары», «Бақыттың кілті әйелде», «Әйел-әлем», «Ана әлдиі», «Ұлы даланың ұлы қыздары», «Ару ана ғұмыр» атты жинақтар мен ақындардың аруларға арнаған өлең жолдары, сонымен қатар құттықтау жылы лебіздерін тамашалай аласыздар. 8 Наурыз - бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі. Әйелдер адамды бесігімен баулиды, өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады. «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп Ислам діні әйелдерді ерекше құрметтейді. Егерде бір үйде қыз бала дүниеге келсе береке, молшылық, бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі дейді. Тіршілікке нәр берген ана сүті қандай күдіретті, әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, бәрі ана деген сөзбен астасып жаты. Сенен өскен балалар Батырлар мен даналар Құттықтаймыз мейраммен Құрметті жан аналар! Барлық оқырман қауымға, аяулы ана, асыл аруларға ұсынылып отырған бұл көрмеміз сіздерге көктемнің күніндей жайдары көңіл күй, керемет әсер сыйласын. Мереке күні адал махаббат жылвын, шынайы сүйіспеншілік құяды. Бұл Мә

Кітапхана тынысы Ана қыңтар - маусым





«Жеңіс күні 9 – мамыр – бүкілдүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында



қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. Кешегі Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне орай Арқалық қаласындағы облыстық 2 әмбебап ғылыми

кітапханасында Ұлы Отан соғысына 75 жылдығына арналып құрылған «Жеңістің рухы биік, даңқы мәңгі» атты көрме - панорама ұйымдастырып, презентация-шолу жасалынды. Мақсаты: Оқырмандарды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқырмандарды Ұлы Отан соғысының зардаптары, олардың ерлік істерімен таныстырып, мән – маңызы туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. Отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа шыншылдыққа баулу.

«Жеңістің рухы биік»
Кітапхана тынысы



Көрмеге өзіміздің «Қостанай облысының Әскери Даңқ кітабы» және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына арналып шығарылған «Олар жеңіспен оралды», «Олардың есімдері ұмытылған жоқ» ескерткіш кітабы, Қостанай облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында: «Майдан және тыл бірлігі» атты кітаптары қойылды. Аз емес зар жылаған, егілген жан, Аз емес өшкен өмір, төгілген қан. Кеудеге зілді қасірет салды соғыс. Қирады талай арман көңілге алған. Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин және тағы да басқа жерлестеріміз бар. Осы кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске аламыз. Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан боздақтарымызды ешқашан ұмытпаймыз!




Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 75 жыл. Кеңес халқының соғыс жылдарындағы жауынгерлік және еңбектегі ерліктері шын мәнінде батылдық мектебіне және кейінгі өскелең ұрпақ үшін ерлік үлгісіне айналғаны хақ. Өмірден озған

батырларымызды, көзі тірі ардагерлерді, сол кездегі тарихи деректерді, еңбек майданындағы адамдарды, жалпы халықтың ерлігін, Отан, туған жер, өз елімізге деген сүйіспеншілігімен мен жауқасу ілігін көрсетіп отырмын.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым




насихаттау мақсатында өнер бөлімшесінде «Тарихтың таспен жазылған шежіресі» тақырыбында жылдық фотокөрме әзірленді. Көрмеге бөлім қорындағы әдебиеттер, фотоальбомдар, фотошежіре және мерзімді басылымдарда жарияланған фотосуреттер қойылды. Қазақ халқының осы соғыста көрсеткен ерлігі де, еңбегі де орасан зор.

Деректерге сүйенер болсақ, адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс шамамен 27 млн. кеңес азаматтарының өмірін қиды. Сол кезде 6 миллионнан асар-аспас халқы бар Қазақстаннан 1 млн 400 мыңдай жауынгер майданға аттанып, оның үштен бірінен астамы майдан даласынан оралмады. Еліміздің атақты батырлары Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бегелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Сабыр Рақымов, Шығыстың аяулы арулары - Әлия мен Мәншүкке арналған фотоальбомдар, газет-журнал беттеріне шыққан фотосуреттері, атақты 28 панфиловшылардың ерлігін насихаттайтын әдебиеттер көпшілік оқырманға ұсынылып, батырлар, ардагерлер ерлігіне тағзым жасалынды. Және Қостанай өңірінен кеткен жерлестеріміз дараланып, есімдері көпшілікке таныстырылды. Бөлімдегі Ұлы Отан соғысы туралы ресейлік кітаптар, фотоальбомдар, батыр-қалалар туралы әдебиеттер де көпшілікке жол тартты. Көрме үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Ерлігіңе мың тағзым, Жеңіс жауынгері!», екінші бөлім: «Қаһарлы жылдар шежіресі», үшінші бөлім: «Ұлы Жеңіс – бүгінгі ұрпаққа аманат!». Көрменің дәйектеме сөзі ретінде батыр Бауыржан Момышұлы мен жерлесіміз, ақын Сырбай Мәуленовтың қарапайым халықтың қайсарлығы мен батырлығы туралы айтқан керемет сөздері алынды. Көрме жылдың аяғына дейін өнер бөлімшесінде көпшілікке қызмет көрсетеді. Келіңіздер! Көріңіздер!

Кітапхана **Т**ынысы

Қаңтар - маусым



Облыстық № 2 әмбебеп - ғылыми кітапханасының Балалар әдебиеті бөлімінде оқырмандардың асыға күтетін мерекесі **«Балалар кітап апталығы»** болып өтті. Кітап апталығының жоспары алдын-ала жасалып, бүкіл қала мектептеріне таратылды. Мерекенің басты мақсаты – балаларды кітапханаға тарту және оқушылардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру.



Апталықтың әрбір күні белгілі бір тақырыпқа арналды.

Мереке 10 -13 наурыз аралығында өткізілді. Мерекеге дайындап безендірілген зал, қазақ және орыс тілінде жазылған **«Сикырлы сарайдағы кездесу – Встреча в волшебном дворце»** кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітап апталығын биылғы жылдың алғашқы оқырманы Жақан Нұрислам **«Ассалаумағалейкум»** әнімен ашылып, шашу шашылды. Кітапхана басшысы

Қазына Байсабековна құттықтау сөз сөйледі. Оқырмандарды айтулы мерекемен мектеп кітапханаларының әдіскері Елена Викторовна құттықтап, оқырмандарға ыстық ықылас, ізгі ниетін білдірді.

Сикырлы сарайдағы кездесу –
**«Сикырлы сарайдағы
Кітапхана тынысы
Встреча в волшебном
дворце»**
Қаңтар - маусым



Кітапханашылар оқырмандарға «Кітап мұңы» атты көрініс көрсетіп, АрГПИ-ден келген студенттер «Ақшақар мен 7 ергежейлі» атты ертегі әлеміне сапар шектіріп, қойылым көрсетті. Жүргізушілер оқырмандарға сұрақтар қойып, сыйлыққа тәттілер таратты. Кітап көрмесі таныстырылып, әннен шашу шашылды. Кітап Ханшайымы келіп ортаға көркем сөзді нақышына келтіріп оқып, №1 Ш. Уалиханов орта мектебінен келген оқушылар жырдан шашу шашты. Балалар кітап апталығының ашылуына 63 оқырман қатысты. Кітап көрмесіне 132 кітап қойылды.



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым



Мерекенің үшінші күні «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс» деген тақырыппен Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай «Желбіре, Жеңіс жалауы» тарихи көрме ұйымдастырылды. Көрме «Соғыс көрген балалар», «Қаһарман қалалар», «Ұлы Жеңістің солдаттары» деген бөлімдерге бөлініп, осы тақырыптағы кітаптар насихатталды. Ыбырай Алтынсарин атындағы гимназияның кітапханашысының көмегімен кітап

көрмесіндегі Ұлы Отан соғысы жайлы кітаптарға шолу жасалынды. Отанын қорғауда ерлік көрсеткен батырлар жайлы слайдтар көрсетілді.

Гимназияның оқушылары өздерінің дайындаған көрністерін сомдады. Бұл іс-шараға 75 бала қатысты.



Кітапхана тынысы
«Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс»

Қаңтар - маусым

«Балалар кітап апталығының жабылуы» «Балалар кітап апталығының жабылуы»



Біздің кітап апталығын өткізудегі басты мақсатымыз кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін жас оқырмандарға ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар кітап апталығынан кейін оқырмандардың саны көбейе түсті.

61 оқушы оқырман болып жазылды. Себебі жаңадан келіп түскен кітаптарға және баспасөз басылымдарына да шолу жасалды. Жаңа кейіпкерлермен танысып, қуанышқа бөленді.

Балалар кітап апталығына белсене қатысқан оқырмандар марапатталып, сыйлықтарға

көнеді. Балалар кітап апталығының жабылу салтанатында мектеп кітапханасының кітапханашылары балаларды кітап мерекесімен құттықтап, кітап оқуға шақырды. Осы күні қортынды есеп жасалынып осы апталыққа қатысқан барлық оқырмандар сыйлықтар мен марапаттауларға ие болып қуанышқа бөленді.



Кітапхана тынысы

Жарқыра, жайна, Әз-Наурыз!

Қабағы жаудың түйілісін.

Береке-байлық, дәм-тұзың,


Халқыма мәңгі бұйырсын!

Қысты көктем алмастырып, күн шұғыласынан нәр алып, табиғат оянып, адам өмірі жаңа мәнге толатын, тамаша көктем мерекесі Наурыз да келіп жетті. Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молығатын, тіршіліктің жаңаратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейтін кезені.

Қазақстанның ең сүйікті және ауқымды мерекелерінің бірі –Наурыз!

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.

Ұлы мерекенің қарсаңында кітапханамыздың абонемент бөлімі оқырман қауымды ырысты, берекелі мерекесімен құттықтай отырып «Құтты болсын ұлы күні ұлыстың» атты кітап көрмесін ұсынады.



Көрmemізден «Қош келдің Наурыз», «Нау мен Ырыс», «Әлем халықтарының тағамдары», «Қазақтың отбасылық дәстүрлері» жайлы сонымен қатар,

«Халқы мықтының салты мықты», «Дәстүрлі атаулар», «Тал бесіктен жер бесікке дейін», «Ұлттық киімдер» сынды жинақтардан керегіңізді таба аласыздар. Наурыз жайлы жылы лебіздермен әсемделген көрмемізді көріңіздер, оқи жүріңіздер. Наурыз! Бұл күні қазақтың сайын даласын Қыдыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы жібіп, қасиетті қара жер бусанады. Ұлы дала төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды жасылды кілем төселеді. Қазақ халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт – дәстүр, әдет-ғұрыптарды ұлықтап ай бойы Ұлыстың ұлы күнін тойлайды. Бұл мереке тіршіліктің дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Ұлыстың ұлы кіні құтты болсын ағайын!

Халқымыздың ұлы күнге балаған, жыл басы санаған, ізгілік пен жақсылықтың, береке мен татулықтың мейрамы Ұлыстың Ұлы күні Наурыз



мерекесі қарсыңында №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залында «Жаса, Наурыз, Дәстүрлі!» деген атпен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты - оқырмандарды наурыз мейрамының шығу тарихымен, халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен салт-дәстүр, әдеп-ғұрпымен таныстыру, қонақжай да дарқан қазақ халқының ұлттық

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

тағамдарын насихаттап, жастарымзды өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Кітап көрменің «Нұр Наурыз- халық тойы» атты алғашқы бөлімде

көп жылдан соң қайта оралған ұлттық мерекеміз Наурыздың шығу тарихы мен оның түркі халықтарының мейрамдау нұсқалары туралы мәліметтер, қазақтың киіз үйі, қолөнері мен ұлттық құндылықтары туралы әдебиеттер қойылды. Екінші бөлім «Қазақтың ақ дастарханы» деп аталады. Наурыз мерекесінде ерекше әзірленетін дәстүлі әрі ғұрыптық мәні бар тағам «Наурыз көженің» қалай пісіретіндігі, ұлттық тағамдардың түрлері мен дайындалу жолдары, қазақтың қонақжайлығы жайында баяндалатын кітаптар ұсынылды. «Салт-дәстүр-тәрбие көзі» деген үшінші бөлімде атадан балаға ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан халқымыздың бай салт-дәстүрлері мен әдеп –ғұрыптары терең қамтылған кітаптар топтастырылған. Бұл көрменің өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танып білгісі келген әркімге пайдасы мол болмақ деген сенімдеміз. Көрме айдың соңына дейін жұмыс жасайды.

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Тәуелсіз елдің қасиетті белгілері» атты көрме – символ оқырман назарына ұсынылды.

Мақсаты: қоғамның рухани бірлігі мен сабақтастығын нығайту, азаматтық елжандылық, еліне деген сүйіспеншілікке және рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Әрбір азат елдің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілерінің бірі - мемлекеттік рәміздер. Халқымыздың рухын, ұлттық салт – санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Бұл біздің мемлекетіміздің бет бейнесі ғана емес, оның тарихы және әрбір адамның өз еліне деген сүйіспеншілігінің белгісі. Сондықтан біздің

Тәуелсіз елдің қасиетті
Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

мемлекеттік рәміздеріміз тарихтың тылсым тереңінен сыр тартып, бүгінгі азат елдің асқақ келбетін айшықтайды. Қазақ елінің өз топырағында дүниеге

келген тұңғыш ресми мемлекеттік белгілеріміз – барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздік тұмарындай. Өз елін шынайы сүйген адам. Отан үшін отқа да, суға да түсетіні, оның тыныштығын қорғайтыны, ұстанған саясаты мен ізгі істерін жалғастыратыны даусыз. Көрмеге көптеген кітаптар мен мерзімді баспасөз материалдар жиынтығын ұсынамыз. Солардың ішінде Е. Шаймерденовтың «Ел таным» кітабы оқырмандардың ерекше қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар тарихи-философиялық рәмізбаян Байкенова Ш. Мен - Қазақстан азаматымын, "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы» сынды жинақтар кездеседі. Көрмеде 23 тен аса кітаптар берілген. Атаулы көрме айдың соңына дейін оқырман назарында.

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінде жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ілияс Есенберлиннің туғанына 105 жасқа толуына орай «Ұлтты ұлықтаған жазушы» атты көрме қойылып, шолу жасалынды.



Кітапхана тынысы



Қаңтар - маусым

Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман жазған жазушы І. Есенберлиннің

каламынан туған «Айқас», «Ғашықтар» , «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Махаббат мейрамы» романдары тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылары еді.

Осындай керемет туындыларының бірі, алты кітаптан тұратын «Көшпенділер» тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек.

Илияс Есенберлин – қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға.

Мұндай көркем әдебиетіміздің дара тұлғаларын насихаттау, келешек ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алар, маңызы зор демекпін.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

2 бөлім

Атаулы күндер

«Тағдырды тоғыстырған татулық»
«Тағдырды тоғыстырған татулық»

Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханамыздың ұйымдастыруымен «Сәби - Арқалық» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің

казыналы қарттарымызға алғысымызды білдіру мақсатымызда «Тағдырды тоғыстырған татулық» атты өнеге сағаты өтті.

Алғыс айту күні-Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударған түрлі этнос өкілдерін қазақ халқы құшақ жая қарсы алып, басқа түскен ауыртпашылықты бірге көтере

білді. Сондықтан Алғыс айту күнін тарихқа тағзым ету деп түсінуге болады. Бүгін Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында еңбек етіп, маңдай терін құятын қарттарға құрмет білдірілді.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Ақпараттық сағатында әжелер мен аталарымыз бір-біріне алғыстарын, жүрекжарды тілектерін, лебіздерін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Қарттарға арналған алғыстарымен бірге Жолдыбай Нұрсұлтан, Амандық Бейсенбай, Рахат Сейтбекұлы, Берекетова Балнұр студенттеріміз әсем әндерімен шашу шашса, ал Мақсұтқан Үздік, Жақсығұлова Бейбінұр, Арықбай Маржан студент қыздарымыз өлең жолдарымен жыр шумақтарын арнады.



Кеш соңында мекеме мүшесі Ахметқали атамыз жақсы тілегін жеткізіп, кітапханамызға алғысын білдіріп, аталарымыз жас ұрпаққа баталарын берді.



Кітапхана тынысы

Қаңтар маусым

«Ана өмір, Ана көктем, Ана гүл!»
«Ана өмір, Ана көктем, Ана гүл!»

Көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күні аясында, ана

мәртебесін жоғарлату, шексіз еңбегін насихаттау, ұрпаққа деген махаббатын көпшілікке паш ету мақсатында, өнер секторында «Ана өмір, Ана көктем, Ана гүл!» тақырыбында сыр сұхбат өтті.



Сектор меңгерушісі Әубәкірова Әлия Қарсақбайқызының бүгінгі қонағы, көпбалалы батыр ана – Әбілқайырова Қалима Серкебайқызы.


Қонағымыз қыздары, ұлы және жиендерімен келді. Басында, апайдың туған жері, өскен ортасы, мамандығы жайлы қысқаша ғана айтылды. Одан әрі, кездесу сұрақ-жауап түрінде өрбіп, қонақтың өз аузынан ата-анасы, бала-шағасы, зайыбы, ата-енесі жайлы естідік. Кейіпкеріміз балаларына жеке тоқталып, олардың отбасына, қызметіне шолу жасап өтті. Жанұяда, балалар туралы қызықты естеліктер айтылып, жастық-шаққа бір саяхат жасалғандай көрінді. Жүргізуші тарабынан орнықты да өзекті сұрақтар қойылып, жақсы жауаптар айтылды. Салт-дәстүр, қыздар

Кітапхана тынысы



тәрбиесі, отбасылық құндылықтар, ата-ана мен баланың қарым-қатынасы сөз болып, жастарға тәлім-тәрбие болды.

Іс-шара барысында, Қалима Серкебайқызының балалары дайындаған отбасылық фотослайд көрсетіліп, көпшілікке ұсынылды. Балалардың анаға деген алғысын, махаббатын көрдік, Қалима Серкебайқызының қыздары сөйлеп, мамаларына өлең жолдарын тарту етті. Әсем ән орындалып, көркемсөз оқылды, меркелік көңілкүй сезілді.



Кеш соңында, қадірменді қонаққа рахмет айтылып, сый-сияпат көрсетіліп, естелік суретке түстік. Тәрбиеге, ізгілікке, мейірімділік пен махаббатқа толы жаңа әлемдік кездесу болды.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым



Байтақ елге! Қ елге! Мейрамы Ы

Наурыз мейрамы Қазақстанды мекендеген сан түрлі

этностардың басын қосатын нағыз халықтық мейрам. Ұлыс мерекесі – 22 наурыз мейрамын Өнер бөлімшесінде «Назданып Наурыз келді байтақ елге» тақырыбында этноауылға саяхат бағдарламасымен ұйымдастырылды. Алдын-ала бөлімше безендіріліп тақырыпқа сай дайындалды. Кітап қорынан тақырыпты қамтитын барлық әдебиеттер шығарылып, көрме құрылды. Көрмеге Наурыз мейрамы, Ұлыс мерекесі жайлы, қол өнері, қазақ салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жайлы әдебиеттер мен мерзімді басылымдар қамтылды. Әдебиеттердің қол өнері, ағаш бұйымдары, зергерлік бұйымдары, тері бұйымдары, жүннен жасалатын бұйымдар, т.б. қол өнерінің жасалу жолдары

жайлы әдістемелік және оқулықтар тақырыбымен жинақталып қойылды. Көрмені қол өнерінен шыққан бұйымдар жалғастырды

Көрменің екінші бөліміне қол өнерінен шыққан: тоқыма заттар: түбіттен тоқылған бөкебай, шашақты салы, жүннен тоқылған қолғап, нәскилер, төсеніш, күрақтар, т.б.; ағаштан



Кітапхана тынысы

жасалған: ұршық, пастыбай
шақша, бесік, домбыра, тостағандар, ағаш қасықтар, т.б.; зергерлік бұйымдар: алқа, сырға, сақиналар, білезіктер, т.б.; теріден


жасалған: қамшы, белдік, бәкіқап, сөмке,

т.б. көрме мағнасын ашып тұрды. Бөлімше де этноауылдың бір шаңырағын безендірді. Төрге оюланған сандық қойылды. Сандықтың үстіне құда шабадан қойылды. Қасына үлкен жүк жинайтын шабадан қойылды. Ол шабаданның үстіне бұлықталған оюмен көмкерілген төсеніш көрпелер жиналды. Төрде орын алған диванның үстіне оюлы көрпе төселді. Шаңыраққа оюланған төрт жаққа керілген басқұрық ілінді. Терезе шымылдырғына кестеленген бау тағылды. Үшінші бөлімі: Ортаға дөңгелек үстөл қойылып ақ дастархан жайылды. Дастарханға ұлттық тағамдар қойылып, келген қонақтарға ұлыс мерекесіне арналған наурыз көже жасалып, таратылды. Ұлттық тағамдар: сары май, жент, талқан, шелпек нан, бауырсақ, құрт, айран, қаймақ, тағыда басқа тағамдар қойылды.

Наурыз мерекесіне кітапхана ұжымы қатысты.

Этноауылға саяхат жасалып, үш бөлімге толық әңгіме айтылып, шолу жасалды. Кітап көрмесі, қолөнер көрмесі, ұлттық дастархан, бөлім безендірулеріне дейін

саяхат жасалды. Іс-шараға он сегіз адам қатысты. Сайтқа берілді.



Саяхатты Әлия Қарсақбайқызы жүргізді.

КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ

Қаңтар - маусым

3 бөлім

Мерейтойлар

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Даңқың дәуірлей берсін, Абай дана!» тақырыбында жылдық кітап көрмесінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға қаламыздың қадірменді азаматтары, мәдениет жанашырлары, қалалық «Қазына» ардагерлер ұжымының мүшелері, қалалық теледидар, қалалық газет, облыстық «Қостанай таңы» газетінің

меншікті журналистері мен редакторлары арнайы шақырылды. Бұдан бөлек, Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері, Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясының ұстаздары мен оқушылары, №1 Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің оқушылары және қаладағы Родина орта мектебінің оқушылары мен ұстаздары қатысты.

Ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлы туралы кіріспе сөз жыршы, термеші,

Сейнеткер ұстаз Қазымбек Қуанышбай Қабенұлына берілді.

Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым

Өз сөзінде, ол кісі жиналған қауымды осындай мерекемен құттықтап, әйгілі ақынның даналығын, көсемдігін, білімділігін, жаңашылдығын, дүниетанымын тілге тиек етті. Одан әрі, өнер бөлімінің меңгерушісі, Әлия Қарсақбайқызы, көрменің ашылуын хабарлап, тұсау кесер рәсімі жыршы-

термеші, ардагер-ұстаз Қуанышбай Қабенұлы мен қалалық мәдениет



сарайының басшысы Жұмабаева Алмагүл Сейітжанқызына берілді. Көрменің бірінші бөлімі «Ұлы даланың – Ұлы Абайы» деп аталады. Абайдың туған жері, әке-шешесі, әжесі, қасиетті Семей топырағы, Жидебай өңірі туралы кеңінен ақпарат берілді. Екінші «Мәңгілік өлмес мұра» бөлімінде Абайдың дүниетанымы, философиялық

құндылықтары, зерттеу жұмыстары, әйгілі шәкірттері мен ізбасарлары, абайтанушылардың жазбалары, суретшілердің алғашқы еңбектері жинақталған. Үшінші бөлім «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» деп аталады. Бұл жерде дана Абайдың әдеби шығармалары, роман-эпопеясы, тәрбие, адамгершілік, ұлттық сана, сезім, дәстүрге толы қара сөздері топтастырылған. Төртінші «Қазақ музыкасының ғұламасы» бөлімінде хәкім Абайдың музыкалық қыры, композиторлық шығармалары, ән, романс, опералары насихатталды. Абайдың әндері ноталарымен, бөлім қорындағы дискілер де көрмеге қойылған. Көрменің әр бөліміне бөлек-бөлек шолу жасалып, ұлы Абайдың есімі ардақталды.



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым



Әр бөлімге саяхат жасағаннан кейін, қала мектептерінен келген оқушылардың орындауында Абай атамыздың әндерін, республикалық «Абай оқуларының» 2 орын иегері Нұрсұлу Орынбаеваның орындауында Абай Құнанбайұлының бірнеше өлеңдерін тыңдадық. Бұдан бөлек, кітапхананың 3 қабатында № 6 мектеп-гимназия оқушыларының Абай өлеңдеріндегі жыл мезгілдеріне байланысты жасалған үлкен қолөнер көрмесі қойылды. Кеш соңында, құрметті қонақтарға сөз беріліп, жастарға бата, тілек айтылды. Көрменің тұсаукесері кітапханашы Әлия Қарсақбайқызының орындауында ұлы Абайдың 20-шы қара сөзімен қортындыланды. Көрме жыл бойы, оқырмандарға қызмет көрсететіні тағы бір мәрте айтылды.



Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым

Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен, қазақ әдебиетінде абыройлы орны бар, қазақтың белгілі жазушысы, драматург, журналист, М. Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Сәбит Досановтың 80 жасқа толуына орай «Ұлттық руханияттың күретамыры» атты әдеби кеш өтті.



Іс-шара

барысында алаштың ардақтысы Сәбит Досановтың өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер баяндалды. Мақсаты: жас ұрпақты ақын, жазушы Сәбит Досановтың өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, шығармашылық мол мұрасын насихаттау, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Күні бүгінге дейін 25 том көлеміндегі көркем шығармалары жарық көрген жазушы жерлесіміз, көрнекті суреткер Сәбит Айтмұхамбетұлы Досанов 1940 жылы 12 қаңтар айында Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. С.Досанов прозасындағы шырғалаң тағдырлар жазушының өз өмірінде көзімен көрген, көңіліне түйген түйінді ойлары мен сол ой таразысынан еленіп шыққан қорытынды, қорытпа пікірлерінің шығармаларында берілуі, суреттелуі десек қателеспейміз.

Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым






Кешімізге қаламыздағы Торғай гуманитарлық колледжінің және де АрқМПИ-ның студенттері қатысып, Жаңбыршы Роза арнау өлеңін, Әлім Аружан, Балғабай Айым көркем шығармаларымен, Кукатенко Карина романдары жайлы баяндап өтті. АрқМПИ-ның студенті Ерғазы Еркін қаламгердің «Арман көп аз өмірім жетерме» атты өлеңін мәнерлеп оқып ерекше жеткізе

білді. Студенттеріміз жазушымыздың өлеңдері мен романдарынан үзінділерін оқып, ұлы тұлғамыздың өмірбаяны айтылып, сонымен қатар «Тұлға» бейнебаяны оқырмандар назарына ұсынылды. Сондайақ кешіміз Жолдыбай Нұрсұлтан мен Бейсенбай Амандықтың ән шашуларымен көрермендерге жағымды көңіл күй сыйлады.

Дара дарынымыздың жазушылық өнерімен сусындап қана қоймай ақындық қасиетінен туындаған шығармаларыменде таныс болдық, және де ең үздік еңбегі өмір шындығынан алынған «Жиырмамыншы ғасыр» романына




тоқталып, үзінді бейнебаян тамашаланды. Сәбит

Досановтың мол мұрасын сихаттау мақсатында

Кітапхана тынысы

қаңтар - маусым



арқылы кітап көрмемен таныстырдық, көрмеде ақынның көп томдық еңбектері ақын жайлы зерттеулер мен жеке жинақтары оқырмандарға таныстырылып өтті.

Тарихта қалған тарландар өмірі біз үшін үлгі. Қазақтың қазыналы тілінің бір пұшпағын илеген талай ақын-жазушыларымыз сөз маржанының қандай болатынын қарға тамырлы қазаққа дәлелдеп айтып кетті. Өмір атты теңізде қолдарына қалам алып дүние сырына тоймай тамсана жазған талай дана адамдар болды. Осындай ұлы тұлғалардың еңбегінің алдында бас иіп ұрпақтан-ұрпаққа ұлылықты дәріптеу біздің міндетіміз, осы орайда біз осындай игі іске түйірдей болсада атсалысқанымыз үшін қуаныштымыз.

Іс – шара соңында әсем ән шырқалып, кешіміз өлең жолдарымен қорытындыланды. Әдеби кешке қатысушылар өздеріне рухани байлық алып, жазушы Сәбит Досанов жайлы көптеген деректермен таныс болды. Келешек ұрпақ өз даналарын мақтан тұтады, мәңгілікке есте сақтайды.



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығы бойынша Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын мемлекет деңгейінде атап өту туралы қаулы жарияланған болатын. Осыған орай ғұлама тұлғаларымызға арналған іс-шаралар өз жалғасын табуда. Осы орайда Арқалық қаласы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу

залы бөлімінің қызметкерлерінің ұйымдастыруымен күллі түркі жұртының мақтанышы, «мұғалім сәни» /екінші ұстаз/ атанған ғалым философ, ұлы даланың Ұлы тұлғасы ұлтымыздың мақтанышы Әбу Насыр әл-Фараби бабамызға арналған «Шығыстың ғұлама ғалымы» атты портреттік кеш өтті. Бұл іс-шара Арқалық қаласының политехникалық колледжінің акт залында ұйымдастырылды.

Мақсаты: Әбу Насыр Әл-Фарабидің бабамыз энциклопидист-ғалым, философ, әдебиет зерттеуші, ақын екендігін және дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ғұламасы екендігін оқырманға жеткізу.

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың құрметіне арналған кештің бастамасы өмірінен бейнежазбамен басталды.



«Шығыстың ғұлама тұлғаларымызға арналған портреттік кеш өтті»
Кітапхана тынысы



Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді .



Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби,

яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеген.

Кеште студенттер домбыра тартып, ән айтты. Бірнеше студенттеріміз Әбу Насыр Әл-Фараби туралы мәліметтермен қысқаша баяндамалар жасады.

Кеш соңында Әл-Фараби кітаптарынан «Түркі әлемінің рухани жұлдызы» атты кітап көрмесі құрылып, ойшылдың шығармашылық мұрасымен кеңінен танысты. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың

шығармашылық мұрасына деген үлкен қызығушылық бүкіл әлемде және Қазақстанда да

толассыз артып келеді. Мыңдаған жылдар бұрынғы еңбектері бүгінгі күннің қажетіне асуда.Бабаларымыздың ұлағатына құлақ асайық! Бабалар ұлағатын жүрегімізге жеткізейік!





КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ

Қаңтар - маусым



Ақын, журналист Серікбай Оспановтың 75 жасқа толу мерей тойына арналған поэтикалық сәт белгілі ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, «Алаш» әдеби және Жамбыл атындағы сыйлықтардың иегері Серікбай Оспанов – 75 жаста.

Қайратты қаламгер 1945 жылы Торғай облысындағы Жанкелдин ауданының "Балдай" аталатын елді мекенінде

дүниеге келген. Иә Торғай өңірі ешқашан таланттарға кенде болған жер емес. Ақынның қаламынан туған тырнақалды туындылары 1969 жылы "Жас керуен" аталатын ұжымдық жинаққа еніп, оқырман қауым қасиетті өлең өлкесіне келіп қосылған жаңа есіммен қауышты. Арада екі жыл уақыт өткен соң жас ақын өзінің "Жүрек лүпілі" атты тұңғыш жыр жинағын жариялап, поэзия жанкүйерлерінің жүрегіне жылылық ұялатып үлгерді. Одан соң бірінің ізін бірі қуалай жарық көрген "Жарқын жастық", "Қайнар бұлақ", "Қоңырау гүл", "Алтын арқау", "Батыр туралы баллада", "Тіршілік тамыры", "Назқоңыр", "Балдай таудың баурайында" атты жыр жинақтарында ақынның алуан түрлі тақырыпта

«Әр оқушының бір кітапхана тынысы бір»




сыр шертіп, ой толғаған өлеңдері, балладалары, дастандары өмірге жолдама алып жатты. Бұлардан басқа балалар әдебиетіне қосқан үлесі мен аударма һәм сатира салаларында еткен еңбегі өз алдына бір төбе. Қысқасы, қолына қалам ұстаған ақын Серікбай Оспанов қары талмай, қарымды еңбек етті.

Ақынның оқырман қауымға кеңінен таралған поэмалары мен балладалары: «Үйлену тойы», «Уақыт туралы», «Өмір- ай!», «Құдаша», «Қызыл керуен» «Науша- ауан», «Әже сыры», «Ата». «Партбилет туралы», «Құдайбергеннің домбырасы», «Алғашқы махаббат», «Нұрқан ақын», «Марал ишан», «Жәнібек Тархан»

Сонымен қатар ел арасында кеңінен тарлған «Шилі өзен», «Сағындым Алматымды», «Тобыл ағады», сынды өлеңдері бар.

Осындай тамаша туындыларын нсаихаттау мақсатында Керемет өлеңдері мен балладалары, зерттеулері мен поэмалар, жыр жинақтары жинақталған кітап көрмесін назарларыңызға ұсынамыз.

Ақынның жүректен шыққан өлеңдері оқырман көңілінен шығып, кезінде әдебиеттанушылар тарапынан лайықты, бағасын алған болатын. Сөйтіп ол бүгінгі күні толған, толысқан сырбаз ақынға айналды.



Өлке тұлғаларын насихаттау, мәдениет, өнер салаларында еңбектерін даралап, көпшілікке үлгі ету мақсатында, өнер бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Аталар сөзі – ақылдың көзі» тақырыбында онлайн-сұхбат өтті. Сұхбаттың кейіпкері – Арқалық қаласының құрметті азаматы, облыстық «Шабыт» сыйлығының, республикалық ардагерлер ұйымының құрметті ардагері, әр түрлі дәрежедегі 12 мемлекеттік марапаттың иегері Кәки Ақан Шәріпұлы. Іс-шара қарияның 85 жылдық мерейтой қарсаңында өткізілді.

Шараның жүргізушісі, Әлия Қарсақбайқызы өз сұхбатын Кәки Шәріпұлының туып-өскен мекені, қасиетті туған жерінен бастады. Кәки ақсақалдың көзіне жас алып, тебірене айтқан әңгімесінен ата-анасы, өскен ортасы, сол уақыттың қиын кезеңдері туралы білуге болады. Ата өзі шығарған өлеңімен өз өмірін баршаға



баяндап берді. Одан кейін еңбек жолы, өмірінің үлкен бір мезеттеріне тоқтала отыра, бұл кісінің мектептен бастап белсенді болғаны, комсомол, партия қатарында бола тұра, қолынан келгенше халыққа қызмет көрсеткенін білдік.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Кәки Шәріпұлы кішкентай кезінен спортқа, өнерге жақын болып, домбырашылар үйірмесіне қатысып, күйші бала атанған азамат. Өнерге деген

сүйіспеншілігін жалғастыра отыра, әр тақырыпта ән жазды. Айтып өтсек: «Елім менің», «Қаһарман – ерлерім», т.б. Биылғы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арнайы жазған әнін алып келіп, орындап берді. Кәки Шәріпұлы «Өмір тарихы» кітабының авторы, бұдан басқа, өлкеміздің қоғам, өнер қайраткерлері туралы еңбектері жергілікті, облыстық басылымдарда жарияланды. Құрметті қонағымыздың қай тұлғаны ұстазы санайтынын, бүгінгі жастар жайлы ойын біліп, тәрбие, өнегеге толы ғибратты әңгіме естідік. Сұхбат соңында құрметті ақсақалдан бата сұралып, іс-шара аяқталды.




Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Заманның заңғар зергері

Заманның заңғар зергері

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, көркемсөз бен көсемсөздің шебері ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресейдің Шолохов атындағы Халықаралық сыйлығының иегері, Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» Халықаралық сыйлығының иегері, Ш.Айтматов, С.Есенин, А.Дельви́г атындағы, т.б. халықаралық сыйлықтардың иегері, профессор Сәбит Досановтың 80 жасқа толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман



қауымының назарына ұсынды. Сәбит Досанов – алпысыншы жылдар ішінде әдебиетке келіп, бүгінгі прозаның салмақты жүгін көтерген белгілі жазушы. Оның шығармалары оқырмандардың жылы ықыласына бөленіп, есімі қазір қалың қауымға белгілі. Кітаптары орыс, қырғыз, француз сияқты шет тілдеріне аударылып, өз оқырмандарының кітапханасынан орын алуда.

Библиографиялық көрсеткішке С. Досановтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы ақпарат жинақталған. Көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген. Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар әліпбилік ретпен орналастырылған. Бөлімдер жазушы еңбектерінің, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен қызметі жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Басылым соңында көмекші құрал ретінде басылым атаулары мен есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Библиографиялық көрсеткіш әдебиетшілерге, ғалым-зерттеушілерге, студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне, жазушының еңбектерімен тереңірек танысқысы келетін барша әдебиет сүйер қауымға арналған.

«Ауғанның от жалыны» «Ауғанның от жалыны»



Әлеуметтік қорғау мекемесінің қызметкерлері және Мүмкіндігі шектеулі жандардың қатысуымен «Ауғанның от жалыны» атты іс шара өтті. Бұл шараның мақсаты: Жас жеткіншектерді патриоттық, отан сүйгіштік рухқа тәрбиелеу.

Іс шара барысында арнайы ұйымдастырылған «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» атты фото слайд және Ауған соғысы жайында бейне фильм көрсетілді. Қатысушылар мұндай соғыс ешқашан қазақ жерімізде болмасын деп тілектерін білдірді. Әр адамның қасиетті борышы –отансүйгіштіктің үлгісі ретінде насихаттадық. Бұл іс-шараға 17 бала қатысты.



Кітапхана тынысы

«Қазақты әлемге танытқан, Абай» «Қазақты әлемге танытқан, Абай»

Оқу залы бөлімі



ұйымдастырған Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы

«Қазақты әлемге танытқан, Абай» поэтикалық марафон эстафетасының орны тіпті бір бөлек. Эстафетаға қатысушы оқырманның жасына шектеу болған жоқ. Қазақтың бас ақынының 175 жылдығына арналған шараға шартарап үн қосты десем артық айтқаным



емес. Оған дәлел мектеп оқушыларынан бастап,



университет магистранттары Абай өлеңдерін жатқа оқып, Арқалық қаласы және алыс-жақын ауыл, аудан, тіпті Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларынан да белсенді атсалысты. Кітапхана жанынан



құрылған «Жалын» өнерпаздар клубының өлеңқұмар жастары да жыр шеруден тыс қалмады. Қаралым саны-3494



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

«Кітап патшалығының патшайымы»
«Кітап патшалығының патшайымы»



Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан кітапхана қоғамының әлемге белгілі көшбасшысы Бердіғалиева Роза Аманғалиқызының туғанына 75 жыл толуына орай **«Кітап патшалығының патшайымы»** атты жадынаманы сіздердің назарларыңызға ұсынады.

Кітапхананы заман талабымен тоғыстырып, кітапхана ісін тартымды ұйымдастыра білген Бердіғалиева Роза Аманғалиқызы 1945 жылы 5 мамырда Ресейдің Астрахань облысы, Володар ауданы, Кара - Бирюк ауылында дүниеге келген.

Ол 1967 жылы Москвадағы Мемлекеттік мәдениет институтының кітапхана факультетін бітірген. Еңбек жолын 1967 жылы бастаған Роза Бердіғалиева 1976-1984 жылдары Мемлекеттік Жасөспірімдер кітапханасының негізін қалаушы және бірінші директоры, 1984-1987 жылдары - Республикалық ғылыми-әдістемелік орталықтың халықтық шығармашылық және мәдени ағартушылық жұмысының директоры, 1987-2003 жылдары - Қазақстан Республикасының Ұлттық Кітапханасының бас директоры, ал 2003-2009 жылдар аралығында Астана қаласындағы Ұлттық Академиялық кітапханасының бас директоры және тағы да басқа басшылық қызметтерді атқарды. Бүкіл саналы ғұмырында кітапхана кеңістігінде қажырлы қызмет атқара білген ол 200-ден аса мақалалар жинағының авторы.

Сонымен қатар, Бердіғалиева Роза Аманғалиқызы Еуразия Кітапханалық қауымдастығының алғашқы сайланған президенті, Қазақстан Республикасының Кітапханалар қауымдастығының президенті, Халықаралық



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

ақпараттандыру академиясының академигі, «Құрмет» орденінің және бірнеше медальдардың иегері. Жалпы, кітапхана ісі мен оны басқару, жүргізу жұмыстары, библиографиялық сараптамалар жасау қызметтерінің

күрделілігіне қарамастан аянбай қажырлы еңбек еткен Роза Аманғалиқызы Бердіғалиева 2015 жылдың 27 наурызында дүниеден өтті.

Ұсынып отырған жадынаманың мақсаты: Роза Бердіғалиеваның өмір жолдары мен кітапхана ісі саласындағы атқарған еңбектерін оқырман қауымға кеңінен насихаттау. Жадынамада Роза Бердіғалиеваның еңбектері және мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі, ол туралы достары мен әріптестерінің естеліктері берілген.

Роза Аманғалиқызының адамгершілік және кәсіби қасиеттері, өнегелі өмірі бүгінгі жастарға және болашақ кітапханашылар үшін үлгі болып қала береді.



Қазақтың тұңғыш аруана жетектеген ақыны, Республикалық айтыстардың бірнеше дүркін лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты, ұстаз, есімі ісі қазаққа танымал айтыскер-ақын Әлпия Кәрбозқызы Орманшина 1955 жылы 23 ақпанда Амангелді ауданында дүниеге келген. Ол Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтын тәмамдаған. Мектеп қабырғасында жүргенде жазған алғашқы жырлары «Ақ желкен», «Қазақстан пионері», «Тың шұғыласы» газеттерінде жариялана бастаған.

...Әлпия Кәрбозқызы Орманшина көненің көзіндегі «құлағының тесігі, көкірегінің есігі бар» зерек, жады мықты, суырып салма ақын.

Датаның ақын
Кітапхана тынысы



...Қазақстанға белгілі айтыскер ақын Орманшина Әлпияның «Мен даламның қызымын...» (2004), «Еңлік көңіл ойнақтайды далада» (2009), «Ұядан алған ұлағат, ұрпағыма аманат» (2015) атты жыр жинақтары баспадан жарық көрді. Автордың туған жерге, достыққа, отбасына, бауырларына, сондай-ақ ...Халықаралық «Үздік адамдар» энциклопедиясына еніп 2016 жылы медальмен марапатталса, Қазақстан Республикасының «Халық және рухани емшілер» мекемесі Әлпия Орманшинаға 2019 жылдың 21 маусымында «Рухани әлеуетті ашу және халықтың денсаулығын сақтау саласындағы ерекше еңбегі үшін» медалін табыстады. Сонымен қатар Ә.Орманшина 2018 жылы «Аманкелді ауданына 90 жыл» естелік медалімен, 2019 жылы «Бейімбет Майлиннің туғанына 125 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды.

...Ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан айтыс өнері – ғасырлармен канаттасып, дәуірлермен үндесіп, заманамен тілдесіп келе жатқан кемел дүние. Ақын Әлпия апамыздың жырлары әр жүрекке жол тауып, жатталып жатса, ол ақынның ізденісі мен еңбегінің жемісі.

Тарих беті үнемі жаңарып отырады. Десе де ұмытылмайтын, халықтың есінен кетпейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы. Ел басына күн туған осы бір қиын қыстау кезеңде Кеңес Одағының халықтары бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, фашист басқыншыларына қарсы жойқын шайқасқа аттанды. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға еліміздің барлық күш қуаты жұмылдырылды. Торғайдың сайын даласында да бұл алапат дауылдың қарқыны күшті, ауқымы кең болды. Патриоттық рухта тәрбиеленген бірнеше мыңдаған Торғайлықтар да жауға қарсы күреске аттанды. Олар қан төгіс майдан даласында өз туған елінің ұлтарактай жері үшін, қарша жауған оққа кеудесін тосып, шыбын жаны, қасық қаны қалғанша күресті. Оқ пен оттың арасында жүріп батылықтың, сабындылықтың, қайсарлықтың арқасында

«Ұрпақтар аманат»
Кітапхана тынысы - қаңтар - маусым



Ұлы Жеңіске жетті. Міне, бұл күнде сол жеңіс туының желбірегеніне де 75 жыл толып отыр. Торғай өлкесінен майдан даласына аттанып, сұм соғыстың азабы мен қиыншылығын қара нардай қайыспай көтерген, халықтың бір-біріне деген адалдығының, қайраттылығы мен қайсарлығының арқасында «Жеңіс күніне» жетіп, елге аман-есен оралған аталарымыз бен әкелеріміздің ерлігін келер ұрпаққа насихаттау басты мақсатымыз. Осыған орай Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арнап «Ұрпаққа ұран болған

– Ұлы Жеңіс» тақырыбында библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынады. Бұл көрсеткіште Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарих шежіресіне үңіліп, сол жылдардағы халық басына түскен қиындықты бүгінгі ұрпақ көзімен бағдарлау арқылы жекелеген соғыс ардагерлерінің өмір тарихына шолу жасалды. Көрсеткіштің бірінші беті құрастырушыдан басталады. Құралдың мақсаты мен қай саланың оқырмандарына арналғандығы және құралдағы құжаттарға сипаттама берілген. Материалды орналастыру тәртібі түсіндіріліп, құрал ішіндегі жазбалардың орналасуы туралы хабарланған. Библиографиялық көрсеткіш төрт бөлімнен тұрады. «Елім деп от кешкен майдангерлер» атты бірінші бөлімде қан майданнан жауды жеңіп, елге оралған, одан кейін бар қажыр-қайратын туған елін, Отанын гүлдендіруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмсаған соғыс ардагерлерінің өмірбаяны, мерзімді басылымдағы жарияланымдары мен олар туралы мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі берілген. Библиографиялық көрсеткіш кітапхана қызметкерлері, студенттерге және барша пайдаланушыларға арналған. Құрметті оқырман қауым! Әдістеме-библиография бөлімі ұсынған «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс» атты библиографиялық көрсеткішті қажеттеріңізге пайдаланып, таныс бола жүріңіздер!

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

4 бөлім

Жаңалықтар мен оқиғалар

"Қала әкімінен алғыс хат"



21 мамыр Қазақстан Республикасының Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай әдістеме – библиография бөлімінің кітапханашысы Альмаганбетова Айгерим Каузовна мен балалар әдебиеті бөлімінің кітапханшысы Коцанова Айгуль Султановнаның мәдениет саласындағы адал, жемісті еңбектері үшін Арқалық қаласы әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.




Кітапхана тынысы



/Аймақтық онлайн зерделі кеңес/

Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен 30.06.2020 ж. күні «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асырудағы кітапханалардың рөлі» тақырыбында аймақтық онлайн зерделі кеңес өткізілді. Бұл кеңеске Аманкелді, Жанкелдин, Арқалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі



қатысты.

Зерделі кеңестің мақсаты – ақыл-ой қазынасының мекеніне айналған кітапханада рухани тәрбиені ұлықтау, өткенімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра отырып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың рухани жаңғыру жолында жасап жатқан еңбектерін дәріптеп, ұрпақ

санасына мәдени мол мұраларымыз арқылы сіңіру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы кітапханалар

Қытапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Рухани жаңғыру арқылы әлем мойындар ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті байланыстыра отырып, кітапханада рухани жаңғыруға қатысты ұстанымдарды қолдау.

Зерделі кеңесте: кітапхана басшысы Борибаева Қазына Байсабекқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кеңес барысында Әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі Ахметжанова Әсем Қабдуалиқызы «Тәрбие және білім»: «Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асырудағы кітапханалардың рөлі», Абонемент бөлімінің кітапханашысы Жақия Гүлназ «Кітапқа деген қызығушылықты ояту арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу», Кітапхана басшысының орынбасары Жанғалиева Роза Жылқыбайқызы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының «Рухани жаңғыру» бағыттары бойынша жасалып жатқан жұмысы», Библиограф Сейтқожина Гүлнар Кенжеғазықызы «Рухани жаңғыру» - өлке тарихын қайта тануға жетелейді», Оқу залы меңгерушісі Исабекова Ләззат Баяхметқызы «Рухани өрлеу» жобасы – елеулі еңбек жемісі» тақырыптарында баяндамалар тыңдалды.



Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

5 бөлім

Болашаққа жоспар

Әдістеме - библиография бөлімі

«Киелі жерлер – бірлік пен жаңғыру нышаны» - аймақтық онлайн зерделі кеңес

«Асылдың сынығы, тектінің тұяғы» - қоғам қайреткері, Дулатова Гүлнар Міржақыпқызы 105 жыл – библиографиялық көрсеткіш

«Аймақ кітапханаларының кітап қорларының қалыптастыру және сақтау жағдайы» - аймақтық зерделі кеңес

«Күнтізбе 2021 жыл» - Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбесі

Оқу залы

«Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры» - көрме – анталогия

«Кішкентай қала – үлкен тарих» - Бейнесаяхат

«Ұлт тағдырын толғаған жазушы» - С.Әсіповтің туғанына 95 жыл – Тұлғатану

«Алтын Орда: Қазақ хандығы» 750 жылдығы – тарихи вираж

Кітапхана тынысы

Қаңтар - маусым

Өнер бөлімі

«Табандылық – табысқа жетудің кілті» 18 тамыз – спорт күні - Ретро – сұхбат

Абонемент бөлімі

«Ұмытылмас Бекзат бейне» - ағартушы, саяхатшы, зерттеуші Шоқан Уәлиханұлының 185 жыл – библио – микс

Қазақтың Тұңғыш романы «Бақытсыз жамал» жазушы, ақын, драматург Міржақып Дулатовтың 135 жыл – сұхбат

«Великая рассказчица леди Агата» к 130 – летию со дня рождения Агата Кристи (1890-1976) – әдеби – өмірбаяндық портрет

Балалар әдебиеті бөлімі

«Менің болашағымды заң қорғайды» - бейне – сабақ

«Ұлы халықтың дана Абайы» - сұрақ – жауап ойыны

КММ Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Көшкінбай С.М.

Редактор: Ахметжанова А.Қ.

Басылымға жауапты: Борибаева Қ.Б.

Компьютерлік терілім: Көшкінбай С.М.

Біздің мекен – жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 8 (71430) 7 - 09 -16

Эл.почта: arkounb@mail.ru

Библиодайджестің шығуы

Жылына екі рет

Таралымы: 5

Көлемі: 0,3